

Р.БЕЙСЕТАЕВ

ҚР ДСМ ЕГЖКА ҮО, Қарағанды қ.

БҮҚАР ЖЫРАУДЫҢ "ӘЙТЕКЕ БИ" ДАСТАНЫ – "АҚТАБАН ШҰБЫРЫНДЫ" ТУРАЛЫ ТОЛҒАУ

Еңбекте Бүқар жырау жазған, бірақ XX ғасырда басқага телінген «Әйтеке би» дастаны туралы дерек берілді. Заманында әз Әйтеке би қазақтың басына бір апаптың келерін болжап, одан сақтануды ескерткен. Бұл – қасіретті "Ақтабан шұбырынды, алжакөл сұлама" оқиғасы болатын. «Әйтеке би» дастаны "Ақтабан шұбырынды" туралы шынайы дерек, ал Бүқар жырау сол апаптың басы-қасында болған құсі.

Кітт сөздер: «Ақтабан шұбырынды» оқиғасы, «Әйтеке би» дастаны, жазба-шежіре, көш.

XX ғасырда қазақ ішінде Кеңес үкіметінің ішкі саясатына сай келетін ойдан шығарылған тарихи оқиға, қолдан жасалған тарихи тұлға жеткілікті екені бәрімізге белгілі. "Ақтабан шұбырынды" оқиғасы туралы да ел арасында түрлі аныз, тіпті қарама-қайшы әңгіме жеткілікті [1-16]. "Ақтабан шұбырынды" туралы ойлағанда, алдымен Мәшіүр Жүсіптің: "Ақтабан шұбырынды" Орта жүздің басынан кешкен оқиға болса керек, – деген сөзі есімізге түседі [1; 2]. Соған қоса, Қожаберген жырау жазды-мыс делінетін «Елім-ай» дастаны келеді [3]. Бұл әңгіменің басында Қ. Биғожин тұрганы ешбір дау тудырмайды. Нәбиден Әбуталиев те Қожаберген жырау жазыпты-мыс делінген «Елім-ай» дастанын уағыздауға "ерен енбек етті". Ол – ол ма, Қожаберген жырауды "Ақтабан шұбырынды" оқиғасына тікелей қатысқан, қол бастап соғысқан сардар деңгейіне дейін көтерді [4].

Қазақ ішінде кең айтылатын "Ақтабан шұбырынды" оқиғасы туралы ақиқаттан гөрі аныз көбейіп кетті [5]. Қолына қалам алғаның бері үл оқиғаны өз жерінде болған қылып, өз елінде болған қылып, өз атасының басынан кешкен қылып көрсетуге тырысып жүр. Ал, сол оқиғаның күесі Бүқар жырау жазған "Әйтеке би" дастаны туралы естімеген қалыштамыз. Кезінде Ақселеу Сейдімбек пен Мұхтар Мағауннің айтып, жазғандарын елең жүрген ешкім жоқ. Осы құрметті ағаларымыз айтқандай, Марғасқа жырау жазған «Еңсегей бойлы Ер Есім», Бүқар жырау жазған «Әйтеке би» дастандары туралы зерттеу жоқтығы түтілі, оларды ауызға да алмаймыз. Аталмыш дастандарды жазған Марғасқа жырау – Есім ханмен бірге болып, ал Бүқар жырау "Ақтабан шұбырынды" оқиғасында Қазыбек бидің, Бөгембай батырдың жанында, осы қасіретті оқиғаға тікелей қатысқан адам. Ерте көктемнен бастап Қаратаудан бастап аш-жалаңаш босқан елді, қара күзде Мұғаджарға тақағанда Кіші жүздің Ер азаматтары қол жинап, аман алып қалғанын өз көзімен көрген адам. Сонда, кімге сенеміз?

Бейсетаев Р. Бұқар жыраудың "Әйтеке би" дастаны...

Баянауылдық Нұрғожа молда қалдырган көп жазба-шежіренің ішінен Бұқар жырау жазған "Әйтеке би" дастаны шықты [6]. XX ғасырдағы бір жазуда – «"Әйтеке би" дастаны болған, бірақ кім жазғаны белгісіз», – дедініп, ал енді бір жазуда Қожаберген жырау жазыпты-мыс делінетін "Елім-ай" дастанының құрамына "арнайы" енгізілген.

Әйтеке би дастаны. Заманында Бұхар жырау Әз Әйтеке биге арнап үлкен дастан жазған, кейін оны халыққа насиҳаттап жырлаған Толыбайұлы Қожаберген жырау болышты. Бұл дастанды ел аузынан жинап, жазып ақ қағазға түсірген Нұрғожа молда. Дастанды XX ғасырдың аяғында бүгінгі жазба әріпке аударған баянауылдық Алдабергенұлы Төлепберген ағамыз. Төменде көлпірліген өлең жолдары осы дастаннан үзінді.

Откен жылы, Әйтеке би дүниеден отті,
Келгенде елу алты жасқа ажад жетті.
Багыну бір кесемге дұрыс қой деп,
Боларын бір апаттың болжап кетті.

Төреден Әз Әйтеке би, безін деді,
Келді ғой кесем сайлар, кезің деді.
Қазақты батыр кесем басқармаса,
Быт-шыт қылар жау қалмақ, сезін деді.
Хан, сұлтан, төре күні, кетті деді,
Оларда ақыл, айла бітті деді.
Қазағым өзінді өзің тұтас ел ғып,
Басқарар енді уақыт, жетті деді.

Ақылды болсын батыр, кесем деді,
Басқарса қазақ болар, есен деді.
Көрші елмен татуласып, тіл табысар,
Тағы да болсын өзі сөзге, шешен деді.

Осындай көптен кесем, ізде деді,
Хандарды шеттетуді, көзде деді.
Қазақты төре, орыс бастап көгертең деп,
Малтаңды би мен бектер, езбе деді.
Үш жүзден үш ақылшы, болсын деді,
Қазаққа бақ пен дәүлет, қонсын деді.
Сайлаған кесемдерің кеменгер боп,
Халқының болашағын, шолсын деді.

.....
Откен күн ойлағанмен қайта келмес,
Бақыт құс ұшып кеткен, қайта қонбас.
Өсиетін Әз Әйтекенің есіне алып,
Төле, Қазыбек, Ақсұат би шайқады бас.

Қазыбек, Төле, Ақсуат шешен жорға,
Қиналды ақыл таппай осы жолда.
Сайланды Әбілқайыр әскер басы,
Өзінше ел билігін алыш қолға.

Жас би! Кіші жүздің Малайсары,
Ол-дағы ақыл-айла таба алмады.
Бас қосып, Құлтөбеде кеңес құрып,
Жөн көрді коршау бұзып құтылғанды.

Сонымен, «Елім-айды» жазушы Қожаберген деп жазылып жур. Шындығында, бұл дастанды әз Әйтекеге арнап Бұқар жырау шыгарған. Осылай деп жазатын Қожаберген емес, әз Тәуке ханмен, әз Әйтеке бимен бірге жүрген Бұқар жырау болатын. Оған дәлел жеткілікті. Бұл орайда, Бұқар жырау жазуы Қожаберген жазуынан, Қ. Бигожин қоспасынан оңай ажыратылып алынады. Бұл туралы ҰҒА М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғылыми қызметкерлері жақсы біледі. Мысалы, Бұқар толғауында Әз Әйтеке би Алладан халқына әділ көсем тіледі:

Төрелер Әз Тәукедей, бола алмады,
Оларға қазақ көнілі, тола алмады.
Сәмеке, Қайып, Болат бәрі сатқын,
Кездейсоқ ел жағдайы, оңа алмады.

Қазақ елді басқарса, есен болады,
Басқа ұлт басқарса, опат болады.
Қазағым өзінді өзің тұтас ел қыл,
Өзіңнен ұл тумай, күн тумайды, –

дегені осы Әулие Әйтеке бабамыздың.

Ал, Қожаберген жырау жазыпты-мыс деп, Қ. Бигожиннің жазғаны:

Баласы Халдан-Бешіктың Сыбан Раптан,
Көрші елді жауламақ бол көз алартқан.
Бүрратты халқыменен қосып алыш,
Барабы татарларын келіп шапқан.

Барабы татарларын қалмақ шапты,
Татардың бірталайы қырғын тапты.
Қалғаны ұбап-шұбап, бас саугалап,
Жалма-жан қазақ жаққа көше қашты.

Бұлар кеп Керейлерді паналады,
Ел көріп Орта жүзді сағалады.
Орта жүз қамқорына алғаннан соң,
Жарымы Барабы елі аман қалды.

Бейсетаев Р. Бұқар жыраудың "Әйтеке би" дастаны...

Бұл қырғын көп ұзамай қазаққа ауды,
Наймандар тастап көшті Алтай тауды.
Жалайыр, Найман, Қоңырат, Қарақалпақ,
Қиналды тоқтата алмай келген жауды.
Бұларды қуып қалмақ Қобданы алды,
Қаңырап Тарбағатай, Жайсан қалды.
Ел босып, жер иесіз қалғаннан соң,
Ол жерге қалмақтар кеп қоныстанды.

Теріскей Алатауды қалмақ алды,
Найман мен Қоңыратты қуып салды.
Қайран жер жау ислігіне көшкеннен соң,
Жоңғардың Алатауы деп аталды.

«Ақтабан шұбырынды» оқиғасы. Ақтабан шұбырынды оқиғасының негізгі себебі туралы белгілі тарихшы ғалым Мақсат Алпысбес тұжырым жасап: «...1723 жылдың Ақтабан шұбырындысы тікелей екі алтауыт көршінің құйтырқы саясатының қолдауымен іске асты. Қытайға қаратылған жонғардан Цеван Рабтанның сексен мың қолы сол жылғы мешіннің қатты қысынан қажып шықкан, көктемгі жуаның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілер шағы, мінерге қоңы бар ат-көлік те тапшы сәтінде қазақ еліне тұтқылдан лап қойды» [7], – деп жазады.

Осы апат туралы Мәшіүр Жұсіп Көпевтің: – "Ақтабан шұбырынды" Орта жүздің басынан кешкен оқиға болса керек, – деген сөзі шындық. Сонымен, 1723 жылдың басында (22 наурыздан кейін, сәуірдің басы) Шу, Талас өнірін қыстал шықкан Цеван Рабтан бастаған жонғардың сексен мыңдық қолы Қаратату-Түркістан аймағында (қазіргі Созақ ауданы жері) қоныстанған Арғынның Бес Мейрам, Тобықты, Қанжығалы әuletтеріне бас салады. Оған М. Тынышпаев, т.б. дерегі дәлел: «XVII ғасырдың аяғы – XVIII ғасырдың басында арғындар Қаратату тау жоталарынан солтустікке қарай орналасып, Сарысудың орта ағысы бойы мен Ұлытауға дейін көшіп-қонып жүрсе керек» [8; 9; 10]. Арғынның бұл бөлігі, кезінде Әз Тәуке хан осы жерге орналастыған, оның айналасындағы халық еді.

Қазақ тарихында қасіретті аса ауыр жыл есебінде қалған бұл оқиға туралы орыс зерттеушілері де көнекөз қариялардан естіген әңгімелерін жазып алды. Солардың ішінде сөзінің шындығымен ерекше дараланатын Левшин А.И. болды. Шамасы Левшин жән білетін кісіні таныса керек. Сонымен, Левшин А.И. өзінің атақты шығармасында: – «. . . ұш тараптан құғын мен қысымшылыққа ұшыраған олар онтустікке ауып келгенде мулде жойылып кетер еді. Үлкен Орданың (Ұлы жүз) қалдығы мен Орта Орданың (орта жүз) аз белігімен Ходжент жаққа, Орта Орданың көп белігі Самарқан, Кіші Орда (Кіші жүз) Хиуа мен мен Бұхара жаққа көшіп кетті» [11], – деп жазады.

Орыс зерттеушісі П.И. Рычков те "Ақтабан шұбырынды" оқиғасына назар аударған [11]. Оның жазуында: – "Ақтабан шұбырынды" зардабын,

есіресе Орта жұз көп көрді. Жұт малын, жау жерін алған қаракүрим халық даламен жаяу бости. Мұндай ұзақ жүріске аяқ киім шыдамай, жалаңақ босқандардың табаны ақ қайысқа айналды. Ұлы жұз Жонғария билігінде қалды, ал Орта жұз бәрінен бұрын жұт болып, малдың жаппай қырылуынан, толассыз жау шабудан қатты зардан шекті. Орта жұздің азын-аулақ тірі қалғандары Сарыарқаға келіп, сонда ірге тепті», – делінген.

М. Тынышпаев жазуында: – «...Арғындар Самарқан, Хиуа жаққа емес, Бетпақдалага қарай жылжыған» [8, 15; 140-141]. Одан әрі: – «...Осылайша, сусыз Бетпақдаланың шөлі арғындардың көп бөлігін жау тырнағынан құтқарып қалды. Бірақ, "жұт жеті ағайынды" демекші, жау тырнағынан аман қалған жұрт көп ұзамай шөлден, аштықтан зардан шекті. Олар Сырдарияны кешіп өтпей, керісінше Қаратай тауларының солтүстік-батысынан бұрынғы Торғай уезінің аумағы арқылы Бетпақдалага кеткен», – деп жазады [8, 15; 140-142]. Бұл арада, М. Тынышпаев Арғынның осы бөлігі Әнет Баба, Қазыбек би мен Бұқар жырау және Бөгембай батыр бастаған әз Тәуке ханың айналасындағы ел екенін ескермеген. Сонымен қоса, "Олар Сырдарияны кешіп өтпей, керісінше Қаратай тауларының солтүстік-батысынан Бетпақдала арқылы бұрынғы Торғай уезінің аумағына кеткен", – деп жазылтуы керек еді. Ал, Жиделі-Байсынды мекен еткен Арғынның қалған бөлігінің Самарқан, Хиуа асқандығы белгілі.

Асулы қазанын қалдырып, жөргектегі баласын алуға ғана шамасы келген халық тұтқылдан келген қасіреттен есін жиып та үлгермеді. Ел малдың, жанның біраз бөлігінен айырылып, қырға (Арқаға), Ұлытауға бармак болып, Бетпақдаланы бетке ұстап үдерे көшे жөнеледі. Ерте көктемде, шөптің пісіп жетілмеген кезінде қалың елдің жаяу жүрген жері аппақ сүрлеу болып қалады екен. Бара-бара ұзақ жүрістен аяқ киімдері тозып, жаяу жалаңақ жүргендіктен табандары жалтырап қалады екен. "Табандары таз кісінің басында жылтырап қалған соң, – деп жазады М. Алпысбес [7], – бұл көшке «Ақтабан шұбырынды» деп ат қойған".

Қаратаудың етегінен басталатын осы шұбырған жаяу көштің ішінде болған Бұқар жырау төрт шумак "Қаратай" деп атаған өлең шыгарыпты.

Қаратаудың басынан көш келеді,
Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді.
Қарындастан айрылған жаман екен,
Қара көзден мөлдіреп жас келеді.

Қай заман, мынау заман, қысқан заман,
Дәүлет құсы басынан үшқан заман.
Аспаннан топырақ пен шаң борайды,
Қаңтардағы күн сүйк қыстан жаман.

Қай заман, мынау заман, бағы заман,
Баяғыдай бола ма тағы заман?!

Бейсетаев Р. Бұқар жыраудың "Әйтеке би" дастаны...

Атадан үл, анадан қыз айырылды,
Көздің жасын көл-дария ағызамын.

Мұнша қысым қылдың ғой, қатты құдай,
Қабыргама қара жер батты құдай.
Жаяу жүрсем табаным ауырады,
Тым болмаса бермедің, атты құдай.

Өлең бар-жогы төрт-ақ шумақтан немесе он алты жолдан тұрады. Тарихи деректер бойынша, бұл өлеңді алғаш рет қағаз бетіне түсіріп, орыс тіліне аударған орыстың географиялық қоғамы Орынбор бөлімшесінің мүшелері Т.А. Сейдалин, С.А. Жантөрин және П.Н. Распоповтар болды. Ғалым Тұрсынова Гұлшаш өзінің "Қарататудың басынан көш келеді әні туралы" мақала еңбегінде: – «Олар бұл өлеңді (казақ, орыс тілінде) сол қоғамның Орынбор бөлімінің жазбаларындағы «Қырғыз поэзиясының үлгілері» деген тарауға қосып, «Қаратату» деген атпен 1835 жылы жариялаған болатын», – деп жазады.

Аш-жалаңаш шұбырған көш одан әрі жылжып, Бетпақдаланы кесіп етіп, Саумалкөлге жетеді. Бұл – Саумалкөл қазіргі Қарағанды облысы, Ұлытау ауданында, Қазалы мен Жезқазғаның арасында. Кенестік дәүірде Сәтпаев совхозының жеріндегі көл, оны қазір "Шошка көл" деп те атайды. Міне, осы Саумалкөлге шұбырған ел жеткенде, қалмақ жағы: – «Қазақты әрі қуамыз ба, ал өзіміз Бетпақтың шөлінде қырылып қалмаймыз ба?» – деп, біраз тоқырап қалышты.

Осы сәтті пайдаланған қазақ жағы Саумалкөлге жетісімен көлді айнала алқа қотан сұлап жатып, сәл болса да есін жинапты. Баян өніріндегі көнекөз қариялардың айтуына сай, ғалым Максат Алпысбес былай жазады: – «Басқа бөтен, жат ұрылар ұрлап алғып сойып жеп қояды деп, малдың семіздерін ортасына алғып, күзетіп жатады екен». «Ақтабан шұбырынды» деген атқа қосымша – «Алқакөл сұлама» деген атау осы кезде қосылған, дейді Баянауыл, Қарқаралы өніріндегі көнекөз қарияларымыз.

Қалмақ жағы Саумалкөлде есін жинап жатқан елді тағы қуады. Жаудың өкшелеп қуып келе жатқанын біліп, Қазыбек би бастаған, Бөгембай батыр қостаған ел Ұлытаудың батыс бөлігіндегі Қаракүм атты адырлы-бұлақты жер арқылы Мұғаджарды бетке ұстап, тағы да босып береді. Бар сенгендері – Кіші жүздің жігіттері. Ұлы жүзден қайран жоқ: Іле, Шу, Талас бойы қалмақтың қолында, ал Төле би бастаған жаныстар осы уақытта Самарқан асып, Зерапшанға жетіп үлгерген еді. Бұл туралы Бұқар жырау өзінің Әйтеке би дастанында былай жазады:

Зерапшанға ел кетті,
Естілерден ес кетті.

Дастандағы Бұқар жыраудың «Естілерден ес кетті» дегені, Төле биге бізге көмекке келмей, Самарқан асып кетті деп, кейігені еді. Бұқар жырау Ер Қазыбек бидің ұйғарымымен Сыр, Арап, Еділ-Жайық, Ор мен Жем бойындағы елдің азаматтарын шақырган. Ақыры аш-жалаңаш, жаяу-жалпы босқан елді, өздерінен әлдеқайда көп жаумен соғыса-соғыса қажыған жігіттерді мұлдем құрып кетуден Сырдың төменгі ағысы, Арап, Еділ мен Жайық, Ор мен Жем бойындағы елден келген Кіші жүздің Ер азаматтары Мұғаджар тауына жеткізбей аман алғып қалыпты. Ерте көктемде Қаратай етегінен басталған бұл тарихи шұбырынды қөш қара күзде Мұғаджар тауына тақап токтаған. Бүгінгі есеп бойынша, «Ақтабан шұбырынды» шұбырган қөш жолының ұзын-ыргасы 1500 шақырымға тақау болады.

Бұл бір қырғын соғыс болыпты. Десек те, бұл – 100 жылдан аса созылған қазақ-қалмақ арасындағы ғасырлық соғыстағы алғашқы женіс, түбегейлі бетбұрыс болды. Бұқар жырау бұл дастанында Қазыбек биге бірнеше шумақ арнапты. Оны «Қазыбек би» демей, «Ер Қазыбек», – деп атайды. Бұл турасында Нұргожа молда: – «Кіші жұз жерінде Орта жұз бен Кіші жүздің басын біркітіріп, қалмақтың бетін қайтарған қаракесек Ер Қазыбек би болды», – деген көлемі аз, ал мағынасы мол дерек жазыпты. 1718 жылы әз Тәуке хан қайтыс болғанда және 1723 жылы Орта жүздің бір бөлігі «Ақтабан шұбырынды» нәубетіне ұшыраганда Қазыбек би Сәмеке, Әбілмәмбет хандардың, Барақ, Батыр, кейін Абылай сұлтандардың арасын жаразтырып, ел болашағы үшін оларды өз-ара ынтымаққа шақырды. Бұдан шығатын қорытынды: – «Ақтабан шұбырынды» оқиғасында ұлағатты Қазыбек би қазақ әскерінің Қолбасшысы әрі ел көсемі болған». Біз бұны қазақ халқына тәуелсіздік жолын иұсқаған Қаз дауысты Қазыбек бидің өнегелі өмірі, қасқа жолы, рухани мұрасы деп білеміз. Бұл турасында «Ақтабан шұбырындыдан» ел есін жиган кезде Бұқар былай жырлайды:

Қаз дауысты Қазыбек,
Шақшақұлы Жәнібек.
Қара керей Қабанбай,
Қанжығалы Бегембай,
Орманнан көп Орта жұз,
Содан шыққан төрт тірек.

Ақтамберді жыраудың толғауы:

– Уай, Қазыбек, Қазыбек,
Ел сыйлаған ағасың.
Қызыл тілмен келтірдің,
Ойрат-қалмақ тәубәсін.
Басын қостың қазақтың,
Болсын деп әркез азат күн!

Бейсетаев Р. Бұқар жыраудың "Әйтеке би" дастаны...

Сол заманда Орта жүзде батыр көп екендігі, ал Кіші жүз жігіттерінің екісінің бірі батыр болғандығы, кез-келгені қалың жауға именбей кіретіні бәрімізге мәлім. Қалың қалмақты Мұғаджар тауына тақағанда аты анызға айналған "Қасиетті ағашқа" жеткізбей тоқтатыпты. Бұл соғыс, сонымен қоса, "Ақтабан шұбырынды" қырғынын тоқтатқан алғашқы жеңіс болып, ортагасырық қазақ тарихына енді.

Сонымен, «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» деп, аталған бұл қасыретті көш қазақ жадында мәңгілік сақталды. – «Әнет бабаның көшке еріп жүре алмай төбе басында қалғандығы, он алты ұлды Тілеуімбеттің (Арғын Құліктің бір атасы) қырылып, жойылғандығы секілді, сол күндерді қалай ұмытып, естен шығарарсың», – дейді тарихшы Мақсат Алпысбес [8]. Сондықтан, Арғынның Бес Мейрам, Тобықты, Қанжығалы әулет-atalары қазақ пен жоңгар арасында жүз жылдан аса уақытқа созылған ұзақ әрі ауыр соғыстың бар ауыртпалығын басынан өткерді, ел көсемі – Ер Қазыбек би сол соғыстың Қолбасшысы болды. Ал, Қазыбек бидің жанында қанжығалы Бөгембай ғана болған. Басқадай «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» деген болған жоқ, дейді Баянауыл, Қарқаралы өңірінің көнекөз қариялары. Бүгінгі жазушының бәрі бұл оқиганы өз жерінде болған қылып, өз елінде болған қылып, өз атасының басынан кешкен қылып көрсетуге тырысып жүр. «Қаратрудың басынан көш келедінің» көп нұсқалы болтуы осыдан.

Дегенмен, «Қаратрудың басынан көш келеді» өлеңін шыгарушы кім? Бұл сұраққа кеменгір Мұхтар Өуезов: «Тарихи өлендердің авторлары – көбіне сол оқигаларды көзімен көрген тұстастары», – деп ескертеді.

Қазақ ССР Ғылым академиясының М.О. Өуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қорында Сері Баһрамұлы Шақшақов (1818-1854 ж.) қалдырыған «Керей шежіресі» деген қолжазба сақтаулы. Оны халық әдебиеті қазынасын жинаушы Қаратай Биғожин тапсырыған. Осы қолжазбада: «Елім-айдың» сезін Қожаберген жырау, әнін Қожабергеннің әйелі Айша шығарған деген де болжам бар.

Жинаушы Қожаберген жырау туралы мына бір деректерді келтіреді: Қожаберген қазіргі Омбы қаласының орнындағы «Керей аулында», Омбы өзенінің Ертіске құяр жерінде 1673 жылы туып, «Толыбай жалы» деген жерде (қазіргі Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданындағы «Благовещенский» совхозы) 1771 жылы қайтыс болған.

Қожабергеннің экесі Дәулен ұлы Толыбай сыншы (1603-1681ж.) Арқадағы керей руынан. Анасы Ақбілек Сүйіндік Айдабол бидің қызы (тұңғыш баласы), Тайгелтір бидің апасы. Қожаберген өзінің анасы туралы былай деп жырлапты.

Орта жүз Арғындағы асыл тектен,
Анамның шыққан заты Сүйіндіктен.
Жиырма ұлдың көкжал тұған сүт кенжесі ем,
Тұңғыш қызы Айдаболдың Ақбілектен.

Сонда, Қожаберген жырау Қазыбек би мен Бұқар жырауға жақын жиен болып келеді. Шаншар абыздың Айдаболды жақсы көретін ағам еді, деуінің сырты осында.

Қожаберген жырау «Әйтеке биді» және басқа ақынның дастандарын жатқа айтып насихаттаушы, орындаушы болған. Қожаберген айтты деп жүрген өлеңнің көбі Бұқар жырау туындылары, Бұқар жырау толғаулары. Тек айтатынымыз: Бұқар жыраудың әрбір дастанына Қожаберген сонша шумақ қосқан. К. Биғожин одан да көп қосқан. Зерттеушлердің ертеде еткен ақынның өлеңін кейде жаңылып, кейде арнайы, тіпті сол адамның өмірі мен өлеңін танып білмей жатып, өзінің көңіліне ұнаған басқа біреуге апарып атастыруы жалғыз бұл ғана емес, қазақ өмірінің XX ғасырына тән екені бәрімізге белгілі. «Өзім», «Өз атам» «Өз ауылым» деудің салдары, жазғаны үшін жауап бермеудің салдары.

Сонымен «Әйтеке би» дастанын жазған Бұқар жырау болып шығады. Сонда, Мұхтар Мағауиннің: ««Елім-ай» дастаны көбіне Бұқар жырауды қайталайды», – деген сөзі шындық болып шығады. Замандасы әрі үнемі жаңында жүрген Бұқар жырау Әйтеке биге арнап дастан жазған, ал оны бүгінгі күнгі жалғаншылар Қожаберген жырау жазған «Елім-ай» дастаны деп жүр. Жазушы кебейіп, окушы азайып түрган бұл заман біреудің жазғанын біреу үрлап, біреудің айтқанын біреу үрлап кәсіп қылған заман болды.

Корыта айтқанда, замандасы әрі үнемі жаңында жүрген Бұқар жырау Әйтеке биге арнап дастан жазған, ал оны бүгінгі күнгі жалғаншылар Қожаберген жырау жазған «Елім-ай» дастаны деп жүр. Былай қарасаң, осылай жазу дұрыс та секілді: бәрі бір қазақтың өлеңі, бәрі бір қазақтың толғауы, бір қазақтың тарихы. Тек, «ұрпақ тәрбиесі» мәселесі тұргысынан ғана дұрыс емес, біз жастарды өтірікке тәрбиелеп жүрміз. Келешек ұрпақ: – «Жазғанымыз үшін өзіміз жауап бермейміз, не жазсақ та, жаза берейік», – деп ойлайтын болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Көпееев М.Ж. Қазақ шежіресі. Алматы, 1993.
2. Көпееев М.Ж. ҚР ҰҒА ОҒК қолжазба қоры. Инв. № 1176-1177.
3. Қазақ ССР Ғылым академиясының М.О. Өуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қоры: Серіз сері Баһрамұлы Шақашақов. «Керей шежіресі». Инв. № 1??-1???. Қаратай Биғожин тапсырған.
4. Әбуталиев Н. Серіз сері. Алматы, Жалын, 1991. 224 б.
5. Мағауин М. Қазақ тарихының әліппесі. Деректі толғам. //Жұлдыз, 1993. № 12, 129 б.
6. Нұрғожа молда жазба-шежіресі //Алдабергенұлы Төлепбергеннің аудармасы, қолжазба түрінде сақталған. Баянауыл кенті.
7. Алпысбес М., Аршабек Т., Қасен Е., Кейкі Е. Коне Кектау, Байыргы Баянаула байтағының тарихы. Астана, "Парасат Әлемі" баспасы, 2005. 480 б.
8. Тынышпаев М. Великие бедствия (Ақтабан шұбырынды). Алматы, 1992. 15 б., 88 б.
9. Жандарбек З.З. "Насаб-нама" нұсқалары және түркі тарихы. Алматы, 2002. 168 б.
10. Досмұхamedов Х. Аламан. Алматы, 1994. 43 б.

Бейсетаев Р. Бұқар жыраудың "Әйтеке би" дастаны...

11. Левшин А.И. Описание киргиз-кайсацких или киргиз-кайсачых орд и степей. Изд. 2-е. Алматы, 1996. 161-165 с.
12. Рычков П.И. Топография Оренбургская. Оренбург, 1897. 27 с.
13. Казахско-русские отношения в XVI-XVIII вв., 5 б.
14. Материалы по истории казахских ханств XV-XVIII веков. Извлечения из персидских и тюркских сочинений. Алма-Ата, 1969. 385 с.

РЕЗЮМЕ

В памяти казахского народа навеки сохранилось горестное сказание о кочевании казахского народа под названием "Актабан шубырынды, Алкакольсулама". В данной статье даны писания жреца Бухара, но в статье даются факты другого поэтического произведения "Айтеке би", посвященного XX веку. В той эпохе мудрец Айтеке би предвидел несчастье грядущее на голову казахского народа, предупредив, что необходимо опасаться его. Это и есть горестное сказание "Актабан шубырынды, Алкаколь сулама". В поэтическом произведении "Айтеке би" даются достоверные факты об "Актабан шубырынды", а жрец Бухар был свидетелем того горестного проишествия.

(Бейсетаев Р. Воспевание «Актабан шубырынды» и про дастана «Айтеке би» Бухар жырау (мудрец))

SUMMARY

In memory of the Kazakh people ever survived harrowing tale of nomadic Kazakh people named "Aktaban shubyryndy, Alkakolsulama". This article presents the writings of a priest Bukara, but the facts in the article are other poetic work "Aiteke" dedicated to the twentieth century. In the era sage Aiteke anticipated misfortune coming on the head of the Kazakh people, warning that it is necessary to be afraid of it.. This is the sad tale "Aktaban shubyryndy, Alkakol Sulam". In the poetic work "Aiteke" are true facts about "Aktaban shubyryndy" and the priest Boucard witnessed sorrowful incident.

(Beysetayev R. The chanting of "Aktaban shuburyndy" and about Dastan "Aiteke" Bukhar zhyrau (sage))

ÖZET

"Aktaban Şubirindi", "Alkagöl Sulama" denilen hasretli göç Kazak halkınının hatırasındadır. Makalede Buhar Jırau'ın yazdığı, fakat XX. asırda başka bir yazarın adı verildiği "Ayteke Biy" destanı hakkında söz edilir. Ayteke Biy kendi devrinde bir halkın başına büyük bir eziyet geleceğini, ondan korunulması gerektiğini söylemiş. Bu eziyet ise "Aktaban Şubirindi", "Alkagöl Sulama"dır. "Ayteke Biy" destanı Aktaban Şubirindi hakkındaki bilgilere doludur, Buhar Jırau ise işbu olayı gözüyle görenlerdendir.

(Beysetayev R. Buhar Jırau'ın "Ayteke Biy" Destanı "Aktaban Şubirindi" Hakkındaki Eser)